

TURKISTAN

Тоқтағұл мен Тілеміс немесе «Дүние» толғауының қазақ арасындағы өзгеше нұсқасы



Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорында қазақ-қырғыз әдеби байланыстарына қатысты талай дерек сақтаулы жатыр. Солардың бірі – белгілі диалектолог-ғалым, филология ғылымдарының докторы Оқас Нақысбековтің әйгілі түркітанушы К.Юдахинге 1957 жылғы 4 наурыз күні жолдаған бірауыз хаты мен оған тіркеп жіберген «Тоқтағұл және қазақ ақыны Тілеміс» атты шағын жазбасы. Жиырманың тоғызына аяқ басқан аспирант өзінен қырық жастай үлкендігі бар атақты ғалымға: «Құрметті Константин Кузьмич! Кешіктіргенім үшін кешірім сұраймын, кезінде бұл материалды беремін деп уәде еткен соң жасы ересек адамның алдында бұлай іstemегенім жөн еді. Осы материалды жолдай отырып, бәлки қажет болып қалар деген оймен орысша аудармасын және Тілеміс туралы кейбір мәліметтерді ұсынуға талап қылдым», – деп ізет көрсетеді.

К.Юдахин хаттың сол жақ жоғары бұрышына «ТӘИ қорына тапсыру қажет деп санаймын» деген сөздерді жазып, қол қойған. Сөйтіп, құжат салынған бума 1894-инвентарлық нөмірмен тіркелген.

Ұсынылған мәтінді 1944 жылғы 21 мамыр қуні Жамбыл облысы Қордай ауданы «Ленин үшқыны» («Искра Ленина») ұжымшарының мүшесі Өмірқұл Құлшынов белгісіз информатордың аузынан жазып алғып, оның айтуы бойынша 1955 жылдың 20 қыркүйегінде Оқас Нақысбеков хатқа түсірген. Содан К.Юдахинге жолдағанша бір жылдан астам уақыт өтіп кеткені байқалады.

О.Нақысбеков Тілемістің көнілқос өлеңін жолма-жол орысшаға аударған. Автордың өзге тілге жүйріктігін және әдеби талғамын аңғартып

тұрғандықтан, тәржіманы қатарластыра бергенді жөн санадық: «Қырғыздың халық ақыны Тоқтағұл өзінің сатиравы әшкөрелегіш жырларымен қазақтың бұқарашиб ақындарына жақын болды. Олар оны жақсы көріп, құрмет тұтты. Тоқтағұл қазақ ағайындарымен ішкі асыл сырларын бөлісті.

Тоқтағұлдың қырғыз халқының езгіге түсіуі мен еріксіздігіне қарсы жырлары идеялық тұрғыдан және сыншылдық бағыты жөнінен қазақ ақындарының туындыларымен үндес еді.

Тоқтағұл мен қазақ ақыны Тілемістің арасын ұлкен достық байланыстыруды. Тілеміс – Жамбылдың замандасы. Мұны Жамбылдың «Тілеміске» деген өлеңі айғақтайды («Ей, Тілеміс, Тілеміс! // Тілің мірдің оғындаи.// Тиіп кетсе күйдірген// Сексеулдің шоғындаи.// Қарсы келген жан болса,/ / Құтылмайды соғылмай./ / Құл сұлдесі қалғанша,/ / Қара терге шомылды-ай./ / Кебекбай мен Ноғайбай,/ / Тіліңнен-ақ именіп,/ / Жүр ғой сені соға алмай (Жамбыл Жабаев.

Уш томдық шығармалар жинағы. 1-т., 31-бет).

Тоқтағұлдың баласының қазасына байланысты Тілеміс айтқан жыр – Тоқтағұл мен Тілеміс арасындағы достықтың айқын бір көрінісі. Айтушының сөзіне қарағанда, Тоқтағұлдың ұлы қырғыз ақыны ашуызаға толы жырлары үшін айдауда жүрген уақытта қайтыс болған. Тілеміс жақын досы ретінде Тоқтағұлға күйзелісін білдіріп, шерін төгеді. Сондай-ақ Тоқтағұлдың жан дүниесіне ортақтасады, оны қайғыға батып кетпеуге, рухын сындырмауға шақырады, себебі айналасын қаумалаған достары бар екенін айтады.

Бұл жыр достары жалғыз ұлынан айырылған Тоқтағұлдың көңілін демеу үшін бас қосқан жер – шайханада шығарылған (айтушыдан жазып алынған мәліметке қарағанда, бұл оқиға Пішпекте не Тоқмақта болған). Сол уақытта шайханаға бас сұққан Тілеміс қара жамылған досын көріп, осы өлеңді айтқан.

Жырдың мәтіні мынадай:

Келерінде, дүние, қол жетпес биік таудайсың,
(О мир, приходя, ты становишься высокой горой недосягаемой для руки (человека),

Кетерінде, дүние, тесілген түбі наудайсың.

(О мир, уходя, ты становишься поилом с продырявшим дном),

Келерінде, дүние, қайберен жатқан тәрдейсің,

(О мир, приходя, ты становишься пьедесталом Кайып ерена)

Кетерінде, дүние, су жетпеген шәлдейсің.

(О мир, уходя ты становишься высохшей пустыней (от недостатка воды)).

Келерінде, дүние, ақ тамға салған әйнекісің,

(О мир, приходя, ты становишься окном в белом доме),

Кетерінде, дүние, тұтқасы сынған шәйнекісің,

(О мир, уходя, ты становишься чайником без ручки),

Келерінде, дүние, жарауда жүрген дұлдұлсің,
(О мир, приходя, ты становишься сказочным конем на откорме),
Кетерінде, дүние, ұясын бұзған бұлбұлсың.
(О мир, уходя, ты становишься соловьем, разорившим свое гнездо).
Келерінде, дүние, ортқып аққан бұлақсың,
(О мир, приходя, ты становишься бурливой горной рекой),
Кетерінде, дүние, желсіз өшкен шырақсың.
(О мир, уходя, ты становишься свечой, потухшей без ветра).
Келерінде, дүние, таудан да зор биіксің,
(О мир, приходя, ты стоишь выше, чем выочайшая гора),
Кетерінде, дүние, мергеннен қашқан киіксің,
О мир, уходя, ты становишься дикой козой, убегающей от охотника).
Келерінде, дүние, емен талдай кәктейсің,
(О мир, приходя, ты расцветаешь как дуб и тальник),
Кетерінде, дүние, есіктен төрге жетпейсің.
(О мир, уходя, ты становишься коротким, даже не достанешь от дверей
до передни).
Келерінде, дүние, жиырма бестегі жастайсың,
(О мир, приходя, ты становишься двадцатилетней юношой),
Кетерінде, дүние, жидіген қара шаштайсың.
(О мир, уходя, ты становишься как выпавший черный волос).
Келерінде, дүние, жаз бүрлекен терексің,
(О мир, приходя ты становишься тополем с набухшими почками).
Кетерінде, дүние, түбі түскен шелексің.
(О мир, уходя, ты становишься ведром без дна).
Келерінде, дүние, арғымақ аттай ойнайсың,
(О мир, приходя, ты резвишься как аргамак).
Кетерінде, дүние, айналып ұшқан торғайсың.
(О мир, уходя, ты становишься птицей, кружащейся вокруг себя).
Келерінде, дүние, қараңғы үйдегі шырақсың,
(О мир, приходя, ты становишься светочем в темном доме),
Кетерінде, дүние, қасқыр жеген лақсың.
(О мир, уходя, ты становишься козленком, съеданным волком).
Келерінде, дүние, кесеге құйған балдайсың,
(О мир, приходя, ты становишься медом, налитым в пиалу).
Кетерінде, дүние, көксау болған шалдайсың,
(О мир, уходя, ты становишься чехоточным стариком).
Келерінде, дүние, бұлтсыз тиген күндейсің,
(О мир, приходя, ты становишься ярким безоблачным светящим
солнцем).
Кетерінде, дүние, қайғылы қара тұндейсің.
(О мир, уходя, ты становишься темной мрачной ночью).
Келерінде, дүние, шешек атқан гүлдейсің,
(О мир, приходя, ты становишься распустившимся цветком).

Кетерінде, дүние, жақыныңды сүймейсің,
(О мир, уходя, ты не любишь и родных).
Келерінде, дүние, шытырман орман тоғайсың,
(О мир, приходя, ты становишься бесконечным густым лесом),
Кетерінде, дүние, жыртылған тері шоқайсың.
(О мир, уходя ты становишься разорванным чувяком).
Келерінде, дүние, құрлы таудың ұларысың,
(О мир, приходя, ты становишься индейкой куропаточной горы).
Кетерінде, дүние, құйрығын жанышқан жылансың.
(О мир, уходя, ты становишься змеей с раздавленным хвостом).
Келерінде, дүние, он бестегі қыздайсың,
(О мир, приходя, ты становишься пятнадцатилетней девушкой).
Кетерінде, дүние, күнге тиген тұздайсың.
(О мир, уходя, ты становишься солью, пролежавшей под солнцем).
Келерінде, дүние, жау қашырған ердейсің,
(О мир, приходя, ты становишься богатырем, прогнавшим врагов
(родины).
Кетерінде, дүние, қол жетпес асқар белдейсің,
(О мир, уходя, ты становишься высоким перевалом, недосягаемым для
руки (человека),
Келерінде, дүние, жылжыма торы жорғасың.
(О мир, приходя, ты становишься быстроногим гнедым иноходцем).
Кетерінде, дүние, жыртылып қалған дорбасың.
(О мир, уходя, ты становишься порванным мешочком).
Дүние шіркін осындай,
(Мир чудесный таков),
Ер Тоқа, ұшқан құсындаидай,
(Ер Тока, как перелетная птичка (изменчив)),
Ер Тоқам, енді жасыма.
(Мой Ер Тока, теперь не печалься!),
Ойланып қара қысылмай. (Обдумай /все сказанное мной/, не теряясь)». Жазбасының соңында О.Нақысбеков мынадай анықтама береді: «Тілеміс қасқарау руынан шыққан, ал қасқарау дулат тайпасының бір тармағын құрайтын жаңыс руына жатады. Қасқарау руы қазіргі Қордай және Лениногор аудандары аумағын мекен еткен. Тілеміс Өтеген батырмен рулас, оны Жамбыл жырға қосқан. Е.Ысмайловтың сілтемесіне сүйенсек, тарихшы А.Делебаевтың материалдары Тілемісті Өтеген батыр туралы эпикалық поэма шығарған ақын деуге толық негіз береді». Шынында да, Тілеміс Есболұлы (1846-1933) – Жамбыл Жабаевтың түйдегі құрдасы, үзеңгі жолдасы. Ел ішінде сақталған аңыз бойынша, Асан Қайғы секілді жерүйиқ іздеген бабасы – мүйізді Өтеген: «Менің кейінгі тұқымдарымнан бір бала туады; өзі сұрлау, сөзі қулау, көзі көк, сөзі көп болады», – депті-мыс. Рухани ұстазы Кенен Әзірбаевтың аузынан жазып алған бұл әңгімені белгілі әдебиеттанушы

М.Жолдасбеков «Асыл арналар» кітабында баяндай отырып: «Айтқандай-ақ, Тілеміс туады. Ол ақын да, сал да, шешен де, алғыр да болып өседі. Шаруаға қыры болмайды, той-жынының арасында жүреді», – дейді (Алматы: Жазушы, 1986. – 220-бет). Фольклортанушы Нысанбек Төреқұловтың мағлұматына иек артсақ: «Кезінде Алдар көсе, Жиренше шешеннің қуақы, құлдіргі сөздерін көп айтып, ауыл-аймақты құлкі-сықаққа балап жүрген. Жетісу өлкесінде «Тілеміс айтыпты» деген көңілді әңгімелер көп тараған» (Жұз жасаған бәйтерек. – Алматы: Жалын, 1989. – 24-25 беттер). Ал халық ақындары шығармашылығының білгірі Сапарғали Бегалин «Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят» атты монографиясында Тілемістің Үсербай бақсыға, Сейпылда биге, Бөкей қажыға, Сәт болысқа т.б. тапқырлықпен айтқан өткір сөздерін келтіріп, «Жамбыл айтса айтқандай, Тілемістің тілі үдай аңы еді», – деп жазады (Алматы: Жалын, 1996. – 141-146 беттер). Кейінгі уақытта Тілемістің әдеби мұрасына байланысты филология ғылымдарының кандидаты Мұбарак Үмбетаев тың зерттеулер жасады. Өкінішке қарай, оның көптеген жыры ел жадынан өшіп қалған. Сондықтан дәстүрлі қырғыз поэзиясының классигі, өз елінде «тау бұлбұлы» атанған Тоқтағұл Сатылғановқа жалғыз баласы Топшыбектің қазасына орай айтқан жұбату өлеңі – О.Нақысбековтің ыждағаты арқасында бізге жеткен бағалы дерек.

Осы ретте бір қызықты жағдайға назар аудармаса болмайды. Тоқтағұлдың барлық таңдамалы кітаптарына енгізіліп келе жатқан «Дүние» («Дүнүйө») атты философиялық толғауы бар. Ол:

Бул дүнүйө бекерсің –
Бир күнү өтүп кетерсің.
Опосу жок дүйнөнүн
Тұбұнө ким жетерсің? –

деп басталады да, әрі қарай бастан-аяқ Тілемістің өлеңіндегідей «Келеринде дүнүйө...», «Кетеринде дүнүйө...» деп кезектесіп келетін бірыңғай стилистикалық айшықтау – антитезаға құрылады («Келеринде дүнүйө, Асмандағы күндөйсүң. Кетеринде дүнүйө, Кайғылуу көңүл кирдейсин... Келеринде дүнүйө, Чытырман калың токойсун». Кетеринде дүнүйө, Жыртылған тери чокойсун», т.с.с).

Ақынның 1940 жылғы жинағына кірген бұл шығарма одан бір жыл бұрын қазақ тіліне тәржімаланып, «Теміржолшы» газетінің 1939 жылғы 27 қыркүйектегі 30-санында жарияланған (өкінішке қарай, кім аударғаны көрсетілмеген). Эу баста 23 шумақтан (92 жолдан) тұратын толғау уақыт озған сайын толықтырылып, Тоқтағұлдың Бішкекте «Залкар ақындар» сериясымен 2015 жылы жарық көрген академиялық жинағында 175 жолды құраған. Ал сол өлшеммен есептегендеге, Тілемістің өлеңі – 84 жол. Әрі екі ақын туындысының көп бөлігі – жекелеген сөздердің айырмашылығын немесе шумақтар мен жолдар ретінің ауысып кеткен тұстарын ескермегендеге – сөзбе-сөз сәйкес келіп

отырады.

Тек Тоқтағұлдың ұзақ толғауы:

Дүнүйө чиркин ушундай,

Колундан качкан күшүндай, –

деп түйінделсе, Тілеміс көңілқос өлеңінің соңында:

Дүние шіркін осындей,

Ер Тоқа, үшқан құсында.

Ер Тоқам, енді жасыма,

Ойланып қара қысылмай, –

деген сөздермен досына басу айтады.

Белгілі қырғыз зерттеушісі Жаки Таштемировтің жазуынша, «Дүние» – қырғыз поэзиясында Тоқтағұл ғана емес, Женіжкоқ (Өтө Кекөев), Барпы Алықұлов және Бектүр Шералиев сияқты ақындардың шығармашылығында ұшырасатын дәстүрлі мотивтердің бірі; бірақ баяндау тәсілі мен мазмұндық құрылымы басқа. Ел аузындағы мұрасы 1933 жылы өзі бақылық болған соң ғана кең көлемде хатқа түсіріле бастаған Тоқтағұлдың «Дүние» жырын оның шәкірттері Қалық Ақыұлы мен Қорғол Досуұлы жатқа айтып берген (Классикалық изилдөөлөр жана тексттер: Ақындар чыгармачылығы, 4-китеп: Токтогул Сатылганов / Тұзг.: А.Акматалиев, М.Көлбаева. – Бішкек: «Полиграфбумресурсы», 2018. – 61-бет). Тоқтағұл шығармаларын текстологиялық түрғыдан зерделеген М.Сырдыбаев пен С.Тургунбаев болса, ақынның «Дүние» жырының шумақтарымен үндес келетін, ел ішінен жиналған поэтикалық мәтіндерді салыстыра отырып, оларға көркемдік жағынан талдау жасайды (Токтогул Сатылгановдун чыгармаларын текстологиялық изилдөө маселелери. – Фрунзе: Илим, 1995. – 11-17 беттер).

Қазақтың қара өлеңіндегі «Дүние, келерінде бұлақтайсың, Кетерінде сырғыған сынаптайсың, Жанына жақсылардың аялдамай, Па, шіркін, қайда барып тұрақтайсың?» деген жолдардан немесе атақты ақын Таңжарық Жолдыұлының «Келерінде дүние, Гүл бақшадай бүралған, Кетерінде дүние, Құр арнадай суалған...» деп келетін туындысынан Тоқтағұлдың әйгілі жырына ұқсас шығармалар біздің ұлттық поэзиямызға да бөтен емесін аңғарамыз. Мұның ғылыми дәйектемесі – өз алдына қарастыратын бөлек тақырып. Қалай десек те, елінің әділетсіз би-бағландарына бас имей, теперіш көрген; Әндіжан көтерілісіне қатысып, Сібір айдалған; сүйген жарынан тірідей, жалғыз перзентінен өлідей айырылған; кәрі шешесінің мүгедек, мұсәпір халін көріп жан ұшырған; апалаң-топалаң заманда жоқшылықтың құрығынан құтылмаған; бірақ өшпес өнерімен халқының жарық жұлдызына айналған Тоқтағұл Сатылғановтың «Дүние» толғауына оның қиямет-қайымға толы тағдырының өзек өртер сарыны сыйып тұрғаны сөзсіз. Әлбетте, Тілеміс досының ақынды өз сөздерімен жұбатуы – аңғаларлық құбы-лыс.

Амантай Шәріп